



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бринчук М.М. Экологическое право (Право окружающей среды), - М.:Юрист, 1998.-126-128с.;
2. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан.- Караганда: Арко, 2009. 239-240с.;
3. ҚР Экологиялық кодексі: 2007 жыл 9 қаңтар//<http://adilet.zan.kz/>;
4. Еркінбаева Л.К., Бекишева С.Д. Экологический кодекс Республики Казахстан: Проблемы обеспечения экологической безопасности и устойчивого развития РК // материалы научно-практической конференции / пол ред. Кенжетоева Д.Т.,- Караганда: 2007.- 19-26с.;
5. ҚР Еңбек кодексі: 2007 жыл 15 мамыр//<http://adilet.zan.kz/>;
6. ҚР ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі: 2001 жыл 30 қаңтар;
7. ҚР Қылмыстық кодексі: 1997 жыл 16 шілде // <http://adilet.zan.kz/>;
8. Архив ДВД Карагандинской области;
9. Трофимец С.С. Правовое регулирование обращения с отходами производства и потребления., дисс.канд.юрид.наук, Уфа, 2006-147с.

ӘОЖ 349.41

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Нысанбаева Перизат Нурманқызы

Nysanbayeva_p@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана,Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Тулеубаева Г.Ж.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жер табиғи ресурс ретінде, Қазақстан Республикасының халық өмірінің негізі болып белгіленген [1]. «Қазақстандықтардың көңілін алатын сұрақ- жер туралы сұрақ. Онымен елдің салт- дәстүрлері және адам тағдырлары байланысқан, олардың келешек ұрпақ алдында жауапкершілігі», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өз үндеуінде ерекшелік айтты. Біздің негізгі жұмысымыз еліміздің басты байлығы деп саналатын жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауға байланысты болғандықтан, ауыл шаруашылығындағы жерлердің экономикалық, саяси-әлеуметтік дамуына тигізетін әсері мен алатын орны туралы тоқталған жөн. Тәуелсіздік алған жылдан бері Мемлекет басшысының елімізді гүлдендірудегі мақсатына, осыған сәйкес Үкіметтің алдына қойған стратегиялық жоспарларына сай жүргізіліп келе жатқан жер реформасы қазіргі күні өзінің шешуші сәтіне аяқ басты. Елімізді жер қатынастарын жаңа заман талаптарына сай негізінде айқындап, тұрақтандыруға бағытталған, жер байлығымызды ел байлығына айналдырудың маңызды мәселелерін шешуге бағытталған жер заңнамасы қалыптасты. Осы тұста біз жердің өзіне тән ерекшелігін, маңызы мен мәртебесін есте ұстауымыз қатжет.

Жер - өндіріс құралы. Адамдар жерді пайдаланып жұмыс істейді. Оның үстіне ол- өндіргіш күш. Себебі, жерге бидай тұқымын ексең, ол күзде бірнеше есе көбейіп шығады. Енді осылардың сыртында жер- табиғи фактор. Бүкіл жаны бар тіршілік оның аясында дамиды. Одан құат алады. Осындай үлкен ерекшеліктеріне байланысты адамдардың жермен қарым- қатынасы бірнеше заңдылықтар бойынша реттеледі. Жерді сақтау, қорғау мәселелерін, жерді өндірістік тұрғыдан игеру, оның күтіміне мән беру, басқа да ерекшеліктерін ескеру мәселесін көбінесе Жер Кодексі қозғайды [2]. Жер ресурстарын басқару агенттігі құзырында, мемлекеттік стратегияға сай оның міндеттерін анықтап орындалуын қамтамасыз етеді. Ал еліміздің жер қорларын тиімді пайдаланудың заман мен қолданыстағы экономикалық қатынастарға сай жолдарын қарастыру және енгізу,оны қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру бойынша еліміздің жер заңдылықтарында,

Үкіметтің шешімдерінде қарастырылған іс-шараларды өз құзыретіміз аясында жүзеге асыру «Жер ресурстары және жерге орналастыру Мемлекеттік Ғылыми Өндірістік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жүктелген. Облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда 18 еншілес кәсіпорны және еліміздің барлық аудандық орталықтарында 194 жер- кадастрлық бөлімшелері қызмет етеді. Өмірдің серпімді дамуында ауыл шаруашылығының үлесі мол, еншісі қомақты.

ҚР Жер Кодексінің 97-бабына сәйкес, ауыл шаруашылығының қажеттері үшін берілген немесе осы мақсаттарға арналған жер *ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер* деп танылады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамына ауыл шаруашылығы алқаптары мен ауыл шаруашылығының жұмыс істеуіне қажетті ішкі шаруашылық жолдары,, коммуникациялар, тұйық су айдындары, мелиорациялық жүйе, қора-жайлар мен ғимараттар орналасқан жер, сондай-ақ басқа да алқаптар (сор, құм, тақыр және ауыл шаруашылығы алқаптарының алабына қосылған басқа да алқаптар) жатқызылады. Ал жер ресурстары осы саланың өндіріс құралы. Республикамыздың ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлес салмағы 38,5%. Халқымыздың 46%- дан астамы ауылдық жерлерде тұрады. Олар жер байлығын пайдаланып ауыл шаруашылық өндірісінің дамуына, халқымыздың ұлттық қадір- қасиетінің сақталуына үлес қосып отыр. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану құрылымдары бойынша 27,7% шаруа қожалықтарына, 67,4% мемлекеттік емес заңды тұлғалардың үлесіне тиіп отыр. Шаруашылықты басқару реформалары бойынша ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлерді пайдалану бөлінісін аудандар мен қалалар бойынша есептелініп шығарылып тұрады. Іс әрекеттегі мелиоративтік жүйелердің техникалық жағдайы мен инженерлік деңгейі барлық жағдайларда қойылатын талаптар сәйкес келе бермейді. Қазір егістік алқаптарды түгендеу (инвентаризация) жұмыстарының аса қажеттілігі туындап отыр.

Ауыл шаруашылық жерін мақсатты пайдалану екі принципті жағдайды қолайлы түрде үйлестіруге мүмкіндік береді:

а) жер және климат қасиеттерін толық және өнімді пайдалану;

б) халық шаруашылығының тұтас қажеттігін, нақты аймақ пен жеке шаруашылықтың ауыл шаруашылық өніміне деген қажеттілігін қанағаттандыру.

Ауыл шаруашылық өндірісі жерді тиімді пайдалануды есепке ала отырып үздіксіз өндірістің балансы мен пропорционалдығын жақсартуды талап ететін елуден аса саламен экономикалық байланыста. Қоғамның қажеттілігін анықтау, білу және есепке алу, аграрлы өндірістің тиімділігін зерттеу барысында ауыл шаруашылық жерін пайдаланудың алғы бағыттары анықталады. Жерді үйлесімді пайдалануға баға механизмі, келісім жүйесі, несиелеу қаржыландыру арқылы әсер ету тікелей декреттеуге қарағанда күрделірек [3].

Қазақстандағы негізгі бірліктер ретінде кәсіпорындар емес, ауыл шаруашылық жер учаскелері танылады. *Ауыл шаруашылық жер учаскесі*- бұл мақсатты міндет атқаратын, субъект құқығы бар, сол сияқты жер пайдаланудағы немесе жер меншіктегі болатын, жоспарда және жергілікті жерде шекаралық белгіленген жер аумағының учаскесі. Атап айтқанда ол мемлекетіміздің жер қорының пайдаланылуына сипаттамалық экономикалық мән береді. Сонымен бірге ол белгілі-бір субъектінің пайдалану және иеленушінің құқықтық объектісі ретінде есептеледі [4].

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына өзіндік қосалқы шаруашылықты, бағбандықты және саяжай құрылысын дамыту үшін жеке меншікке;

2) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына шаруа немесе фермер қожалығын, тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру үшін, ғылыми-зерттеу, тәжірибе жүргізу және оқыту мақсатында, қосалқы ауыл шаруашылығын, бақша және мал шаруашылығын жүргізу үшін жеке меншікке немесе жер пайдалануға беріледі.

Пайдалануға беру мерзімі кемінде он жылды құрайтын шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін беру жағдайларын қоспағанда, жер учаскесін

көрсетілген мақсаттар үшін жер пайдалану құқығымен беру мерзімі кемінде бес жылды құрайды;

3) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға жиырма бес жылға дейінгі мерзіммен жалдау шарттарымен уақытша жер пайдалануға беріледі.

Азаматтар мен заңды тұлғаларға жер пайдалануға немесе меншікке берілетін ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасын мемлекеттік бақылау мақсатында бюджет қаражаты есебінен топырақты зерттеу, топырақ-мелиорациялық, геоботаникалық зерттеулер мен топырақты бағалау материалдары деректерінің негізінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорты жасалады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері паспортының нысанын орталық уәкілетті орган бекітеді. Жер учаскесінің паспортын жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды және оны беруді жер учаскесі орналасқан жердегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдары жүзеге асырады [5].

Жалпы, ауыл шаруашылық жерлер - ерекше қорғалуға жататын, Қазақстанның басқа жер санаттарына қарағанда ең шұрайлы, құнарлы жерлер. Сондықтан, бұл жерлерге байланысты қандай да болмасын шешім жүктелген жауаптың ауырлығы ескеріліп, күрделі ой елегінен өтіп барып қабылдануы тиіс.

Қазақстан Республикасының жалпы жер қоры 272,5 миллион гектарды құраса, оның 90,9 миллион гектары - ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер. Бұл жерлердің 59,2 миллион гектары жайылымдыққа, 20,3 миллион гектары егістікке арналған. Айтып отырған жерлер - қазақ халқының ең қымбат қазынасы, ата-бабаларымыздың қалдырған мұрасы. Халық тағдыры әрқашан жермен байланысты болғандықтан шығар, мұндай жерлерді жеке меншікке беруді жұртшылық ата-бабадан қалған тарихи ескерткіштерді бергенмен тең көреді.

«Иелі жер – киелі» деген сөз бар. Ендігі мәселе мекен етіп отырған жерімізді тазалығы одан дұрыс өнім алу өзімізге байланысты екені даусыз. Қай жеріміз егіншілікке жарамды, қай жеріміз мал шаруашылығына қажет, шаруашылыққа пайдаланбай, табиғи күйінде сақталатын жеріміз қайсы, осыны білу, оны адам баласының игілігі үшін дұрыс пайдалана білу, оны ұрпағымызға дұрыс жеткізу де біздің парызымыз. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдаланудың экономикалық тетіктерін жетілдіру. Сонда бұл игілікті істі неден бастау керек деген заңды сұрақ туады. Біздің ойымызша, ең алдымен республикамыздың экологиясы бұзылған жерлерді қалпына келтіру, құрғақ, шөлді жерді суару, сортаң жерлерді мелиорациялау тағы басқа шаралардан бастау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж.
 2. ҚР Жер Кодексі, 20 маусым 2003 ж.
 3. ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану жөніндегі 2005-2008 жж. Арналған бағдарламасы».
 4. Хаджиев А.Х. «Земельное право РК». Общая часть: Учебное пособие.
 5. Еркінбаева Л.Қ. Айғаринова Г.Т. «Қазақстан Республикасының Жер құқығы».
- Оқу құралы.

ӘОЖ 349.6

ШЕТ ЕЛДЕРІНДЕГІ АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАУМЕН КҮРЕСУДІҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Оразалиев Кайырбек Уткирулы
Kair1259batyl@yandex.ru